

# ТЕНДЕР КЗ

№ 43 (3174)

29 марта 2024 г.

Выходит 5 раз в неделю.

Распространяется на всей территории Казахстана.

Издается с 01 июля 2009 г.

www.tendr.kz

## ДИСКРИМИНАЦИЯҒА ЖОЛ ЖОҚ!

Дискриминация деген не? Ол қалай пайда болады? Осы сұраққа жауап іздегенде біздің ойымызға ең алдымен "стигма" сөзі келеді. Стигма грек тілінен аударғанда "таңба", "күйік" немесе "дақ" деген мағынаны береді. Ежелгі Грекияда абыройына дақ келтірген адамдар мен қылмыскердің денесіне таңба басқан. Таңбаны ойып немесе күйдіріп салған, оны стигма деп атаған. Сондай таңбасы бар адамдардан қашу керек болатын, әсіресе көпшіліктің алдында. Қазіргі кезде бұл термин ауқымды қолданылады, бірақ ол денедегі белгіні және адамның негативті сипатын білдірмейді. Стигма - бұл басқа адамдарға, өзіне деген қатынасын түбегейлі өзгертетін өте мықты әлеуметтік таңба, адамға жағымсыз қасиеттің иегері ретінде қарауға мәжбүрлейді. Стигманы біз өзіміз тудырамыз, кейбір адамдарға деген қатынасымызды стереотипке негіздеп қалыптастырамыз, шындығында біз ол адамдарды білмеуіміз де мүмкін. Мысалы, мүмкіндігі шектеулі жанды көргенде Сіз қандай сезімде боласыз? Жиі жағдайда аяп, көмек бергіңіз келеді немесе қорқынышты сезінесіз. Ал шын мәнінде Сіз бұл адам туралы ештеңе білмейсіз, бірақ сол адамға өзіңде қалыптасқан сезімдермен қарай бастайсыз. Стигматизация дәл осылай жұмыс істейді. Сіз автоматты түрде адамға таңбаша қоясыз, оның артында қандай адам екені көрінбейді, белгілі бір сипаты ғана көрінеді. Стигма өзіңнен ерекшеленетін, басқаша болып көрінетін адамдар туралы бұрыс ұғымнан қалыптасады. Стигматизация - бұл тұлғаны құнсыздандыру, бос стереотиптерді қалыптастыру процесі. Стигма - бұл сенім немесе көзқарас, міне осыдан кемсітушілік пайда болады. Стигманы мектепте, медициналық орталықтарда, бұқаралық ақпарат құралдарында кездестіруге болады. Стигманы адам мен қоғам қалыптастырады. Стигма адамды құнсыздандырып, ұят сезімін тудырады.

Дискриминация, яғни кемсітушілік - қандай да бір белгі негізінде адам құқықтарын шектеу және адамдармен немесе әлеуметтік топтармен әртүрлі қарым-қатынас. Кемсітушілікке негіз болатын белгілерге мыналар жатады: жасы, бойы, салмағы, терісінің түсі, этникалық ерекшелігі, отбасылық жағдайы, ұрпағы, генетикалық ерекшеліктері, неке жағдайы, ұлты, діні, жынысы, әлеуметтік класы, сотталғаны, жыныстық бағдары, гендерлік сәйкестілігі және АИТВ жағдайы. Кемсітушілік жеке, институттық, қауымдастық немесе ұлттық деңгейде болуы мүмкін. Дискриминация денсаулық сақтау қызметтерін пайдаланушыларға да, медициналық қызметтерді жеткізушілерге де, медициналық қызметтің сапасына да әсер етеді. Жеке адамдардың да, топтардың да қоғамнан шеттетілуін арттырады, қоғамның дамуын тежейді. Ең үлкен зардабы - адамның құқығын, бостандығын шектеу. Дискриминациядан қорқыныш, қорқыныштан әрекетсіздік пайда болады. Дискриминация әртүрлі формада көрінеді, жұмыстан шығару немесе изоляциялау, қызмет көрсетуден бас тарту, физикалық немесе ауызша зорлық-зомбылық жасау т.б. жағдайлар. Дискриминация кезінде адамның рөлі кемітіліп, тең мүмкіндіктер құқығынан айырылады.

Дүниежүзі бойынша АИТВ-сы бар адамдарға стигма мен дискриминация кең тараған. Осыған не себеп болды? Алғашқыда адамдар АИТВ туралы білгенде, бұл ауруды өлім қаупі бар қатерлі ауруға тенеген. Бұл вирусты кеш айқындаумен байланысты болды. Себебі бұл уақытта әлдеқашан вирус жұқтырылған науқастарда жұқтырылған имунды тапшылық синдромы (ЖИТС) қалыптасқан болатын. Сол үшін "АИТВ" диагнозы адамдарда қорқыныш пен түбегейлі шарасыздық сезімін тудыртты. Ал қазіргі уақытта АИТВмен өмір сүретін науқастарда салауатты өмір салтын ұстанып, дәл уақытында ем алып, дәрігер тағайындаған препараттарды уақытымен қабылдап отырса толыққанды ұзақ өмір сүруге мүмкіндігі бар.

Дискриминациямен күрес - дамыған мемлекеттер саясатының ажырамас бөлігі. Біраз елдің конституциясында дискриминацияға жол бермеу туралы баптар бар. АИТВ-мен өмір сүретін адамдарға қатысты алалау мен кемсітушілікті жою, барлық мұқтажды қажетті дәрі-дәрмектермен және қызметтермен қамтамасыз ету, адам құқықтары мен гендерлік теңдікке негізделген тәсілдерді пайдалану - бұл АИТВ-ның таралуын тоқтатудың басты шарттары.

Осы жылдың 1 наурызында "Нөльдiк кемсiтушiлiк" күнiне он жыл толады. Әр адамның құқығын қорғау - біздің ортақ міндетіміз. Кемсітушілікті тоқтатуда әркім өз рөлін атқара алады. 1 наурыз және наурыз айларында іс-шаралар, акциялар мен хабарламалар әлемге осы маңызды сабақ пен әрекетке шақыру туралы еске салады: әркімнің денсаулығын сақтау үшін әркімнің құқығын қорғау қажет. Біздің орталығымыздың дәрігерлері қоғамдас-тықтармен және үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп, халықтың АИТВ-инфекциясының алдын алу шаралары туралы білімін арттыруға бағытталған түрлі іс-шаралар өткізеді. Бизнес құрылымдардың қызметкерлері үшін АИТВ-ға жедел тестілеу өткізу және ақпараттық-білім беру материалдарын тарату арқылы акциялар ұйымдастырылады. Білімді күшейту, стигма мен АИТВ-мен өмір сүретін адамдарды кемсітуге жол бермеу мақсатында жалпы білім беретін мектептер мен колледждердің, жоғары оқу орындарының педагогтары, психологтары арасында және студенттер мен оқушыларға арнайы семинарлар өткізіліп, арнайы видеороликтер көрсетіледі. Тестілеуді танымал ету және АИТВ-ның берілу жолдары туралы хабардар болуды арттыру үшін ЖИТС орталығының қызметкерлері дәрігерлерге, полицейлерге, педагогтерге, әскери қызметшілерге, қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкер-леріне, аутрич-қызметкерлеріне онлайн режімінде тренингтер мен семинарлар өткізеді.

Дискриминацияға жол жоқ! Әрқашан есіңізде болсын:

1. АИТВ-мен өмір сүретін адам айналасына қауіп төндірмейді.
2. АИТВ қол алысып амандасқанда, құшақтағанда, қоғамдық орындарда жұқпайды.
3. Мейірімділік пен қолдау көрсетіңіз, бұл сіздің қасыңыздағы жанды депрессиядан аман алып қалуға көмектеседі.
4. Досыңыздың АИТВ статусын білсеңіз, оның қалауынсыз ешкімге жарияламаңыз.
5. Өз ортаңызда АИТВ инфекциясы туралы тек қана расталған мәліметпен бөлісіңіз!

Эльвира Утелова.  
Астана қаласы АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы,  
ұйымдастыру-әдістемелік бөлімінің менгерушісі